

**«BILIM-ORKENIETY» ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМПИ-  
ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҚ**

**НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИННОВАЦИОННЫЙ НАУЧНО-  
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР «BILIM-ORKENIETY»**



**«ХХІ ФАСЫРДАҒЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БИЛІМ» атты III Халықаралық  
ғылыми-тәжірибелік интернет конференция**

**ЖИНАҒЫ**

**МАТЕРИАЛЫ**

**III Международной научно-практической интернет-конференции «НАУКА  
И ОБРАЗОВАНИЕ В ХХІ ВЕКЕ»**

**АСТАНА – 2019**

ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА Б.М., АЛДИБЕКОВА Г.А., ИЛИЯСОВА М.И.  
(АЛМАТЫ ҚАЗАҚСТАН)

## ЖЕЛАТИННИҢ САЗДЫ КРИОКОМПОЗИЦИЯЛАРЫН ЗЕРТТЕУ

Желатиннің бенонит сазы негізіндесі криокомпозициялары алынды, Атынған криокомпозицияларға меттал иондарының сорбциясы зерттеліт, криогельдердің меттал иондарымен электростатикалық байланысты, комплекс түзетіндігі анықталды.

Полимерлік криокомпозициялар-кеуекті бешкеттермен толтырылған полимерлер және полимер матрицасымен макро-денгейде (композициялық материалдар жағдайында) емес, молекулалық деңгейде өрекеттеседі. Осында өрекеттесуге байланысты бешкеттер полимерлік матрицамен жоғары адгезиялық тұрақтылығы бар композиттер түзеді [1, 3].

Сондықтың криокомпозициялық полимерлік материалдар зерттеушілер таралыптаған улкен қызығушылық тұлғруда, әсіресе криокомпозициялар ауда. Құрамдағы компоненттерінің жақсы қасиеттерінң бойына жинақтаған композициялардың халық шаруашылығында, ғылым мен техникада колдану аузыны ете кең. Композиттердің үйлестірудің арқылы механикалық, физика-химиялық, сорбциялық қасиеттері анағұрлым жақсарған композициялық материалдар алуға болады.

Композиттердің көптеген түрлери белгілі, әсіресе олардың компоненттерінде металл, полимер, жартылай еткізгіштер және т.б. бейорганикалық және органикалық заттар болуы мүмкін [4]. Солардың ішінде криотропты композициялар ғылыми тұрғыдан улкен қызығушылық танытуда.

Криогельдер биотехнологияда, медицинада, тамак және т.б. енеркәсіпперде кең колданылады. Бұл қызығушылық олардың механикалық, диффузиялық және қылтуофизикалық қасиеттеріне, полимердің коллагетерлігіне, усыздаудына, биоуилесімділігіне негізделген. Колданылатын полимердердин сипаттамаларын, еріткіштің құрамын, толтырғыштың табигатын, сонымен катарап криогендеу режимін өзгерту арқылы криогельдердің физика-химиялық қарастырылған реттеуге мүмкіндік тудады.

Жұмыстың мақсаты органикалық және минералды құрылым түзгіш полимерлер негізінде криогендеу әдісі қолданып криокомпозициялық сорбенттер алу мүмкіндігін зерттеу.

Криокомпозициялық материал алу, оның қасиеттерін алғын-ала болжасу үшін композициялық материал құрамдастарының өзара әрекеттесу заңдылыктарын білу кажет. Осыған байланысты, бұл жұмыста табиги бейорганикалық полимер - Манырак бентонит сазы және табиги ақуыздық полимер - желатин негізінде криогельдер алуға талыныс жасалды. Криогельдердің тұрқытыльғына, сорбциялық қасиеттеріне байланысты, оларды ауыр металдарды сорбциялау үшін сорбенттер ретінде қарастыру мүмкіндіктері зерттелді. Тере-тәндік ісіну, сканерлік-электрондық микроскопия, ИК-спектроскопия, адістерін колдана отырып, бентонит сазы мен желатин арасындағы әрекеттесу табигаты, механизмі кинетикалық тұрғыдан аныкталды. Алынған криокомпозициялық материалдардың ағынды супарды ауыр металдардан тазарту үшін сорбент ретінде колдану мүмкіндігі зерттелді. Ол үшін бұл жұмыста мыс иондарының аталмыш композицияға сорбциялану кабілеті қарастырылды.

Жұмыста Шығыс Қазақстан облысының Манырак жерінің бентонит сазы колданылды.

Тәғамдыш желатин ГОСТ: 11 293-89 Марка П-11 қосынша тазартусыз колданылған.


$\text{CuSO}_4 \cdot 5\text{H}_2\text{O}$  - қосынша тазартусыз колданылған.

Зерттеуге мыс ионының 5, 10, 20 мкг/мл концентрациялық ерітінділері және 10, 13, 15 %-дық желатин-бентонит сазы негізінде криокомпозициялар алынды.

Полимерлік криогельдердің металл ионын сорбциялау қасиеті атомдық-абсорбциялық спектрофотометр (shimadzu AA 6200) кемегімен зерттелді.

Тере-тәндік ісіну нәтижелері бойынша (1 сурет), мыс тұзы ерітіндісінде композициялық гельдің катты жынырыттыны байкалды. Оның себебін түсіндіру үшін мүмкін болатын әрекеттесу механизмін талдайық. Композит құрамындағы саз белшектері теріс зарядты. Соңдай-ақ, сұлы ерітіндіде желатин қышқылдық қасиет көрсетеді (рН=4,8). Яғни екі компонент те теріс зарядты. Осы тұрғыдан композит материалы мен  $\text{Cu}^{2+}$  катиондары электростатикалық байланысы, комплекс түзеді деуте болады. Бұл гельдің ісіну дәрежесін темендегетін түсінкілті. Сонымен бірге, композит құрамында электродонорлық -OH, -NH<sub>2</sub>, CO-NH топтары бар екенин ескерсек, композит пен  $\text{Cu}^{2+}$  арасында координациялық байланыс орнайтыны анық. Корыта айтқанда, электростатикалық және координациялық байланыстар есебінен композит- $\text{Cu}^{2+}$  комплексі түзіледі.


1 сурет – Желатин-саз криогелинің ісіну кинетикасы



Желатин-саз 50:50, су (1), 5 (2), 10 (3), 20 (4) мкг/мл мыс ерітіндісі

Желатин-саз криогелінің мыс ерітінділеріндегі ісіну нәтижелері бойынша криогельдің құрамында желатин мөлшерінің көбекомен ісінудің арттырылдығы байкалды (2-сурет). Бұл композиттің ісінүінде желатин басым рөл атқарытының көрсетеді.

2-сурет. Желатин-саз криогелінің мыс ерітіндісіндегі ісіну кинетикасы




15% желатин:бентонит 1-25:75, 2-50:50, 3-75:25, С=20мкг/мл

Саздың композициядағы мөлшері ескен сайын сорбция мөлшерінің жоғарылауы байкалады (сурет 3). Бұның себебі саздың сорбциялық қабілетінің жоғарылығымен байланысты. Ол композициядағы саздың теріс зарядтарымен металл иондарының электростатикалық байланыстар арқылы саздың сорбциялаудаға рөлі басымдығын күаландырады.


Зерттеу нәтижелеріндегі 4 суретте көрініп тұрғандай композицияның концентрациясы жоғарылаған сайын мыс иондарының сорбциясы артатындығы байкалды. Бұны әрекеттесуші массалар заңымен түсінілруге болады.

3-сурет. Желатин-саз криогелінің мыс иондарының сорбциялау кинетикасы



10 % желатин:бентонит 1-25:75, 2-50:50, 3-75:25. С=10 мкг/мл

4-сурет. 50:50 желатин-саз криогелінің мыс иондарының сорбциялау кинетикасы



1-10%, 2-13%, 3-15%. С=10 мкг/мл